

Қазақстан Республикасының Конституциясын зерделеу және насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 1996 жылғы 13 маусымдағы N 4 Өкімі

1. Конституцияны зерделеу және насихаттау жөніндегі 1996 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар Жоспарда көзделген іс-шараларды уақытылы әрі тыңғылықты атқару шараларын қолданатын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Мемлекеттік хатшысы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М е м л е к е т т і к х а т ш ы с ы н ы ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 3 м а у с ы м д а ғ ы
N 4 ө к і м і м е н
Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Конституциясын зерделеу
мен насихаттау жөніндегі іс-шаралар
Жоспары**

I. Конституцияның бірінші жылдығына арналған іс-шаралар

1. Қазақстан Республикасының астанасы мен республикалық облыс орталықтарында Қазақстан Республикасы Конституциясының Күніне арналған салтанатты шаралар өткізілсін (атқарушылар: облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімі, мерзімі - 1996 жылғы тамыз).

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттің ресми лауазымды адамдары мен жетекші заңгерлердің Конституция қабылданғаннан кейінгі бір жылда елде қандай онды өзгерістер болғанына және оны орындау үшін заң тұрғысынан не істегеніне арналған сөздерін жариялау ұйымдастырылсын (атқарушылар: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Үкімет Аппараты, Әділет министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, мерзімі - 1996 жығы шілде-тамыз).

II. Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы іс-шаралар

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Қазақстан Республикасының Конституциясы мен мемлекеттік нышандарын (Туы, елтаңбасы, Гимні) зерделеу жөнінде нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар әзірленіп, шығарылсын (атқарушылар:

Әділет министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, мерзімі - 1996 жылдың аяғына дейін).

2 . М ы н а д а й :

1) жаңа Конституция аясында елде құқықтық мемлекет орнату мен демократиялық процестерді дамыту мәселелері жөнінде (атқарушы: Әділет министрлігі, мерзімі - 1996 ж ы л ғ ы т а м ы з) ;

2) Конституцияға сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде құқық қорғау органдары мен соттардың қатысуымен (атқарушылар: Бас прокуратура, Жоғарғы Сот, Мемлекеттік тергеу комитеті, Ішкі істер министрлігі, мерзімі - 1996 жылғы тамыз) республикалық ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылсын.

3. Мемлекеттік ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіруге және іске асыруға арналған рубрикалар, материалдар циклдері ұйымдастырылсын (атқарушы: Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, мерзімі - 1996 жыл бойы).

Қазақ ақпараттық телеграф агенттігі республикалық, облыстық және аудандық газеттерде Конституцияны зерделеуге және насихаттауға бағытталған нысаналы топтама материалдар әзірлеп, тарататын болсын (атқарушы: ҚазТАГ, мерзімі - жыл бойы).

4. Мемлекеттік теледидар мен радиода:

1) "Конституцияны зерделейміз" рубрикасымен ғалымдармен әңгімелер циклдарын әзірлеп, шығаратын болсын (мерзімі - 1996-1997 жылдар бойы).

2) Конституцияны әзірлеушілердің, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен "Дөңгелек үстел" отырысы өткізілсін (атқарушы: Республикалық телерадиокорпорациясы, мерзімі - 1996-1997 жылдар бойы).

5. Қазақстан Республикасының Конституциясын көп таралыммен шығару жалғастырылсын, мемлекеттік баспалардың 1996-1997 жылдарға арналған жоспарлары көкейкесті тақырыптық басылымдармен толықтырылсын, балалар мен жасөспірімдер үшін Қазақстан Конституциясы мен мемлекеттік нышандарын насихаттауға арналған кітаптар шығару ұйымдастырылсын (атқарушы: баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, мерзімі - 1996-1997 жылдар бойы).

6. Конституция бойынша көшелерді, алаңдарды, үй-жайларды безендіруге арнап, плакаттар, көрнекті құралдар шығару ұйымдастырылсын (атқарушы: Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, мерзімі - 1996 жылдың аяғына дейін).

7. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаларын түсіндіру жөнінде Президент Әкімшілігі, Үкімет Аппараты, Әділет министрлігі, Бас прокуратура, өзге де мүдделі мемлекеттік органдар өкілдері сөздерінің циклдері өткізілсін (

атқарушылар: Президент Әкімшілігі, Үкімет Аппараты, Әділет министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, мерзімі - 1996 жылғы шілде-тамыз).

III. Білім жүйесіндегі іс-шаралар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес оқу орындарында құқықтық білім негіздерін оқыту курстары қайта қаралсын (атқарушылар: Білім министрлігі, Әділет министрлігі, мерзімі - 1996 жылдың аяғына дейін).

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде құқық жөніндегі терминологиялық сөздік, орысша-қазақша заң сөздігі, орта мектептерге арналған "Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы негіздері" бағдарламасы және оқулығы баспаға әзірленетін болсын (атқарушылар: Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Әділет министрлігі, мерзімі - 1996-1997 жылдар бойы).

3. Барлық жоғары оқу орындары мен колледждерде "Құқық негіздері" базалық пәнінің шеңберінде міндетті арнайы курс нысанында Қазақстан Конституциясын оқып-үйрену ұйымдастырылсын (атқарушы: Білім министрлігі, мерзімі - 1996 жылдың соңына дейін).

4. Конституцияның негізін қалаушы принциптерін түсіндіру жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі үздік оқулыққа, оқу-әдістемелік құралға өткізілетін конкурс туралы ереже әзірленсін (атқарушылар: Білім министрлігі, Қаржы министрлігі, мерзімі - 1996 жылдың соңына дейін).

5. Жоғары оқу орындары және басқа білім беру мекемелерінде елдің жетекші заңгерлерінің қатысуымен мемлекеттік құрылыс, мемлекеттің құқықтық саясаты жөнінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша орта мектептердің, жоғары оқу орындарының, арнаулы орта оқу орындарының оқыту бағдарламаларына оқу-әдістемелік әзірлемелерді енгізу мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар сериясы ұйымдасытырылсын (атқарушылар: Білім министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Әділет министрлігі, мерзімі - 1996 жыл бойы).

6. Конституцияның жекелеген қағидалары бойынша құқық саласындағы жетекші мамандардың қатсуымен студенттік конференциялар мен семинарлар өткізілсін (атқарушы: Білім министрлігі, мерзімі - 1996 жыл бойы).

7. Студенттің үздік ғылыми жұмысына арналған жыл сайын өткізілетін Республикалық конкурсқа Қазақстан Республикасының Конституциясына арналған тақырыптама енгізілсін (атқарушы: Білім министрлігі, мерзімі - 1996 жылдың соңына дейін).

IV. Аймақтардағы насихаттық қызмет

1. Тиісті облыстық (қалалық, аудандық) әкімдердің аппараттары жанынан халықтың қалың топтары арасында, еңбек ұжымдарында, тұрғылықты жерлерінде Конституцияның негізін қалаушы нормалары мен принциптерін түсіндіру жөнінде

ақпараттық-насихаттық топтар ұйымдастырылсын (атқарушылар: облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, мерзімі - 1996 жылғы шілде-тамыз).

2. Қазақстанның барлық аймақтары Конституция мәтіндерімен және арнаулы насихаттық әдебиеттермен қажетті көлемде қамтамасыз етілсін (атқарушылар: Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, мерзімі - 1996 жылғы тамыздың соңына дейін).

3. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында Конституцияның негізгі қағидаларын насихаттау жөнінде кең науқан ұйымдастырылсын (атқарушылар: облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, мерзімі - 1996 жыл бойы).

4. Облыстық (қалалық) бұқаралық ақпарат құралдарында конституцияны насихаттау жөнінде арнаулы рубрикалар, ел Конституциясына деген халық пікірлерінің топтамасы ұйымдастырылсын (атқарушылар: облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, мерзімі - 1996 жыл бойы).

5. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарындағы конституциялық құрылыс мәселелеріне арналған материалдарды жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында көшіріп басу ұйымдастырылсын (атқарушылар: облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, мерзімі - 1996 жыл бойы).

V. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының Конституциясын насихаттау жөніндегі іс-шаралары

1. Қазақстан Республикасының елшіліктері тұрған елдерінде Қазақстан Республикасының Конституциясын насихаттау жөніндегі жұмысты жалғастырсын. Тұрған елдеріндегі саяси және іскер топтармен, дипломатиялық корпуспен Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының түрлі мәселелері жөніндегі кездесулер мен әңгімелердің барысында Қазақстан Республикасы Конституциясының жекелеген қағидаларына сілтемелер жасасын. Нақ осы мақсатта тұрған елдердің жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде теледидардың мүмкіндігін пайдаланатын болсын (атқарушы: Сыртқы істер министрлігі, мерзімі - үнемі).

2. Шетелдерде тарату мүмкіндігін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының шет тілдердегі таралымы ұлғайтылсын (атқарушылар: Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттік, Сыртқы істер министрлігі, мерзімі - 1996 жылдың соңына дейін).